

## Сабақтың тақырыбы:

# Заттың қимылын білдіретін сөздер. Наурыз тойы.

Даулетова Ақманар Мұңайтбасқызы

Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Сағашилі орта мектебінің
бастауыш класс мұғалімі

**Сабақтың мақсаты:**
**Заттың қимылын білдіретін сөздерді орнымен қолдана білуге және " Наурыз " тойы мерекесі туралы түсінік беру.**




Уа, халайық, халайық!
Мұнда назар салайық.
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық!
Құтты болсын мереке,
Болсын думан береке!
Наурыз құтты болсын!

*Уа, халайық! Бүгін ұлыстың ұлы күні. Ата - бабаларымыздың сөзімен айтсақ, ақ түйенің қарны жарылған күн.*

*Наурыз мейрамы. Наурыз салтанаты.*

*Наурыз - жаңа күн, яғни жаңа жылдың алғашқы күні. Жыл басы.*

*Бұл біздің халқымызда Күн мен Түн теңелер мезгіл – Наурыз айының 22 - жұлдызына сәйкес келеді.*

# Жұмбақтар шешу

**Ұзын мұртты сарылар,**
**Қойнында наны бар.**

**(бидай)**



# Жұмбақтар шешу

Өзі ақ,өзі тас,

Дәмін татсаң ащы-ақ.

(тұз)



# Жұмбақтар шешу

**Алыстан көрсем ақ тас,**
**Жақынан көрсем-дәмді ас.**

**(күріш)**



# Жұмбақтар шешу

**Арғы тегі сүт, өзі тастан қатты,**

**Дәмі бірақ қышқылтым да тәтті.**

**(құрт)**



# Жұмбақтар шешу

Бойы бір қарыс,

Сақалы екі қарыс.

(жүгері)











Ұста қашаумен ( не істейді?)

Ұста қашаумен қашады.



Сылақшы қалақпен( не істеді?)

Сылақшы қалақпен сылады.



Кранмен жүкті ( не істеді?)

Кранмен жүкті көтерді.



*"Той қамына кірісу"*
*(жасау, жинау, тасу жұмыстарына көмектесу)*

*115-жаттығу*
*Жаса, жина, сыз, сөйле, тасы сөздерінен үлгі бойынша сұраққа жауап жазу.*

| Не істеді? | Не істейді? |
| --- | --- |
| жасады | жасайды |



Әрі ақын, әрі жазушы Әдібай Табылдиев

1926 жылдың 1 ақпанында Жамбыл облысы

Т. Рысқұлов ауданында дүниеге келген.

## Наурыз тойы

Күн мен түн теңелді ,

Жер шуаққа кенелді,

Қуанышта ел енді.

Наурыз келді - салтымыз:

"Көгерсін!" деп халқымыз

Көшеге тал егеді.





1 -топ: Наурыз тақырыбына өлең шығару.

2 - топ: Наурыз дастарханға сипаттама беру.
(Ұлттық тағам)

3 - топ: Наурызға байланысты сурет салу.

4- топ: Наурызға байланысты ойын түрлері.
(Ұлттық ойын)

## Ой қорыту

**Өздік диктант**

**1.Көктем...    2.Күн...    3.Қар...    4.Жер...**

**5.Құстар туған жерге ....    6.Ағаштар бүршік...**

# Қорытынды

1. Наурызда күн мен түн не істейді?
2. Халқымыз наурыз мерекесіне қалай дайындалады?
3. Наурызда қандай игі істер атқарылады?

# Үйге тапсырма

1. Өлеңдегі көрініске сурет салу.
2. Өлеңді мәнерлеп оқу , жаттау ,мазмұндау.




*құтты болсын!*